



М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ОНДҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ОНДҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ
ЕРЕЖЕСІ

Шымкент, 2018



М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ОНДҮСТИК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

**М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ОНДҮСТИК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІЦ
АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ
ЕРЕЖЕСІ**

Шымкент, 2018

Шымкент, 2018

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің академиялық адалдық ережесі – бұл білім беру бағдарламасын игеру және білім беру қызметін жүзеге асыру кезінде, соның ішінде жазбаша жұмыстарды орындауда (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық), білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынастарында өз көзкарасын білдіру кезінде мінез-құлыш нормаларын қалыптастыратын қағидалар мен құндылыктар жиынтығы.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ Фылыми Кеңесі мәжілісінің «30» қазан 2018 ж. №3 хаттамасымен бекітілген.

М.ӘҮЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЕРЕЖЕСІ

Академиялық адалдық саясаты оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Оның ережелері М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Миссиясы және Академиялық саясатымен тығыз байланыста болады.

Академиялық адалдық саясаты білім беру процесін оңтайландыру үшін оқыту мен окудың тәжірибеде жинақталған өзгерістерін ескере отырып, жыл сайын қайта қарауға жатады.

1. Жалпы ережелер

1. Университеттің даму Стратегиясы, ОҚМУ Жарғысына сәйкес дайындалған М.Әуезов атындағы ОҚМУ ПОҚ мен қызметкерлерінің, білім алушыларының академиялық адалдықты сактау ережесі (әрі қарай – Ереже) білім беру процесіндегі академиялық адалдық қағидаларын, университет қоғамдастығы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін бекітеді, академиялық адалдықты бұзушылық түрлерін, оларды жасаған жағдайда шара қолдану тәртібін анықтайды.

2. Осы Ереженің максаты – университет ПОҚ мен қызметкерлерінің, білім алушыларының адалдық, өз еңбегі мен озге адамдар еңбегінің нәтижесіне құрмет және сыйластық катынас туралы түсінігін қалыптастыру, ашық, шынайы және сенімді катынас орнату, оқу қызметі нәтижесін оны жасаушының интеллектуалдық меншігі деп мойындау және интеллектуалдық меншікке сәйкес катынасқа тәрбиелеу.

3. Бұл Ереже тек академиялық қызметке қолданылады. Кейбір жағдайларда білім алушылардың академиялық, сонымен бірге академиялық емес сиаттағы өзге ережелерді бұзыумен байланысты сұраптары қарастырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда білім алушыларға осы Ережеде көрсетілген, сонымен бірге университеттің озғе де ережелерінде қарастырылған шаралар қолданылады.

4. Университет «Академиялық адалдық ережесінің» сақталуын талаи етеді. Академиялық адалдыққа жат әрекеттің кез-келген көрінісі университет құндылықтары жүйесіне қайши келеді. Академиялық оқу процесінің тұтастығы мен берілетін академиялық дәреже сапасы тікелей білім сапасына байланысты. Оқытушы тарапынан да, білім алушы тарапынан да адалдыққа жат әрекет оқу үрдісі мен оның нәтижесіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Академиялық адалдық қағидаларын бұзған университет қызметкерлері мен білім алушыларына тиісті шаралар қолданылады.

5. Ережеде келесі түсініктер қолданылады:

1) **академиялық адалдық** - бұл білім беру бағдарламасын иферу және білім беру қызметін жүзеге асыру кезінде, соның ішінде жазбаша жұмыстарды орындауда (бакылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық), білім беру үрдісіне қатысушылардың озара қарым-

қатынастарында өз көзқарасын білдіру кезінде мінез-құлық нормаларын қалыптастыратын қағидалар мен құндылықтар жиынтығы.

2) **білім беру процесінің қатысушылары** – білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы, әкімшілік-басқарушылық және оку-қосалқы құрам.

3) **жалпы бақылау** – университетте білім беру процесінде ағымдық, межелік, қорытынды бақылау және мемлекеттік қорытынды аттестациялауды өткізу кезінде қолданылатын мониторинг процедуralары.

4) **құжаттамалық бақылау** – бүрмалауды алдын-ала ескерту мақсатында құжаттардың толықтылығын, дәлдігін зердепеу және талдау негізінде жүргізілетін бақылау түрі.

5) бағаланатын жұмыс:

- білім алушының ағымдық бағалауды өткізу барысында оқытудың белгілі бір кезеңі аралығындағы оның оку жетістіктерін бағалау үшін орындаған жұмысы немесе тапсырмасы (ауызша сұрау, жазбаша жұмыс, эссе, далалық жұмыстар, лабораториялық жұмыстар, практикалық жұмыстар, өзіндік жұмыстар, зерттеу жұмыстары, жоба және т.б.);

- білім алушымен қорытынды бағалауды өткізу кезінде оку семестрінде білім алушының жетістіктер денгейін анықтау үшін орындалған жұмысы (бақылау, жазбаша жұмыстар, тесттер, сынақтар, зерттеу жұмыстары, жоба, дипломдық жұмыс және т.б.) ;

6. ОҚМУ декандары, ПОҚ, әдвайзерлер, тәлімгерлер білім алушыларды осы Ережемен келесі жағдайларда таныстыруға міндетті:

1) құжаттарды қабылдау кезінде қол қойдыра отырып;

2) ОҚМУға қабылдау туралы отініш беру кезінде қол қойдыра отырып;

3) тәлімгерлік сағаттарда.

7.Бұл Ереже М.Әуезов атындағы ОҚМУ әкімшілігі, ПОҚ, қызметкерлері, білім алушылары, олардың занды өкілдері – университеттік қоғамдастықтың барлық мүшелері үшін орындалуы міндетті.

Академиялық адалдық талаптарының сакталуына бақылау жүргізуінің субъектілер:

ПОҚ, бітіруші кафедралар, Факультеттер/ Жоғары мектеп деканаттары, Тіркеушілер кеңесі, Цифрландыру департаменті.

Академиялық адалдық талаптарын бұзғаны үшін жауаптылықта тартуға құзіретті субъектілер:

Академиялық адалдық мәселелері жоніндегі комиссия.

2. Академиялық адалдық қағидалары

Бұл Ереже қағидалары мыналарға қатысты қолданылады:

- барлық тіркелген білім алушыларға;

- осы Ереженін немесе университеттің өзге Ережесінің талаптарын болжам бойынша бұзғаны үшін уақытша шеттетілген білім алушыларға;

- жетекшілер мен әкімшілік-басқарушылық құрам қызметкерлері;

- оку-қосалқы құрам қызметкерлері.

Академиялық адалдықтың негізгі қағидалары болып табылады:

1) **адалдық** – білім алушылардың бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды адаптацияның орындауы. Адалдықты негізгі құраушылар тәртіптілік және енбексүйгіштік болып табылады.

2) **автордың және оның құқық мұрағерлерінің (мираскорлары) құқығын қорғауды жүзеге асыру** – озгенің созін, ойын дұрыс жеткізу және бағаланатын жұмыста ақпараттың қайнар көзін көрсету арқылы авторлық құқық объектісі болып табылатын туындыларды қорғау және авторлық құқықты мойындау;

3) **ашықтық** – молдірлік, озара сенім, ПОҚ мен оларға теңестірілғен тұлғалар және білім алушылар арасында еркін ақпарат және идея алмасу;

4) **білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу** – білім алушылардың пікірін және идеяларын еркін жеткізуі;

5) **тендік** – осы ереже талаптарын сақтау бойынша әр білім алушының міндеттілігі және оларды бұзғаны үшін тендей жауптылық.

3. Білім беру процесіне қатысуылардың құқықтары мен міндеттері **Білім алушылардың құқығы бар:**

1) осы Ережемен танысуға;

2) оқу процесінде оз ойын еркін жеткізуге, ғылыми және оқу ақпараттары мен идеяларын алу-тарату еркіндігіне. Бұл бостандықтарды іске асыру этика нормаларын, сондай-ақ заңда көзделген ұлттық қауінсіздікті, аумактық тұтастықты немесе қоғамдық тәртіпті, өзге тұлғалардың құқықтары мен беделін қорғау, т.б. шектеулерді сақтау қажеттілігімен қоса жүреді;

3) Академиялық адалдық Ережесін бұзғаны үшін негізсіз айыпталудан барлық заңды тәсілдермен корғану.

Білім алушылар міндетті:

Озгенің интеллектуалдық меншігін пайдалануға қатысты негізгі қағидаларды сақтау және құрметтеу.

Этикалық стандарттарды қабылдау және оларды қатаң ұстану. Жұмыстың кез-келген түрінде ауызаша және жазбаша нысанда, межелік және қорытынды бағалау кезінде барлық қағидаларды сақтау.

Үйнімақтастық пен сөз байласудың айырмашылығын түсіну және соз байласу нәтижесінде алынған жұмысты ұсынбау.

Ұсынылып отырган жұмыс білім беру жобасына қатысушының жеке жұмысы екенін естен шығармау.

Озгелер туындыларынан үзінділер қолдану кезінде озгенің ойын жеткізуін дәйектес сияқты түрін қолдану;

Зерттеу жұмысын, эссе, жазбаша өтініштер жазу кезінде автор мен туынды, нақты ойлар қайдан алынғаны корсетілетін ескертулер қолдану. Жұмыстың сонында міндетті түрде барлық ақпараттық ресурстар корсетілген әдебиеттер тізімін жазу. Сонымен бірге барлық ақпараттық қайнар көздер ұсынылатын қосымша жасалуы мүмкін.

Өз курсастарына жеке мақсаттарына пайдалану үшін өзінің материалын, орындаған жұмысын ұсынуға жол берілмейді.

Академиялық адалдыққа жат қылық көріністері үшін жауаптылықты білу және осы ереже аясында білім алушыга шаралар қолданылатынына дайын болу.

Барлық тапсырмаларды мерзімінде орындау.

ПОҚ құқылы:

1. Білім беру процесі қатысушыларынан академиялық адалдықтың негізгі қагидаларын сактауды талап етуге;

2. Оқыту процесінде өз ойын еркін жеткізуға, ғылыми және оку ақиараттары мен идеяларын алу-тарату еркіндігіне. Бұл бостандықтарды іске асыру этика және корпоративтік нормаларды, сондай-ақ занда көзделғен үлттық қауінсіздікті, аумақтық тұтастықты немесе қоғамдық тәртіпті, өзге тұлғалардың құқықтары мен беделін қорғау, т.б. шектеулерді сактау қажеттілігімен қоса жүреді;

3. Оқу және гылыми-зерттеу жұмыстарына сараптама жүргізу (реферат, курстық жұмыс, эссе, тәжірибе есебі, дипломдық жұмыс, магистрлік және докторлық диссертациялар, жариялауға ұсынылған ғылыми мақалалар).

ПОҚ міндетті:

Академиялық адалдық қагидаларын өз жұмыс тәжірибесіне енгізуғе ықпал ету; академиялық адалдыққа жат қылық көріністерін алдын-ала ескерту; әрбір академиялық адалдыққа жат қылық көріністерінің қатаң есебін жасау; мұндай жағдайларда деканатты хабардар ету; қажет болған жағдайда ЖОО әкімшілігіне комек сұрап жүргіну.

Білім алушыларға үлгі болу; барлық пайдаланылған материалдарға нақты ақпараттың қайнар козін көрсету; білім алушыларды тәртіптік шараларды қолдану және тәртінтік шараларды жою тәртібі туралы хабардар ету; «зияткерлік меншік» тұжырымының мағынасын түсіндіру.

Білім алушыларды әдеп пен тұрақты дамытуға негізделген зияткерлікке және адамгершілікке үйрету үшін жағдай жасау; пайдаланған әдебиеттер тізімін, ескертулерді, сілтемелерді рәсімдеу әдістерін үйрету.

Оқытудың стратегиясы мен күтілетін нәтижелерін пәндік топтар ішінде келісу.

Қазақстан Республикасының аумағында, сонымен қатар әлемдік қауымдастықта әрекет ететін авторлық құқықтарды қорғау туралы нормативтік құжаттарды зерделеу.

Академиялық адалдықты қолдауға катысты сұрактар бойынша семинарлар мен практикалық сабактарға катысу.

Сабакты, кездесуді жүргізу барысында озгелердің сөздері мен ойларын жеткізу әдістеріне мән беру.

Университеттің корпоративтік этика Кодексі және ішкі тәртіп Ережелері нормаларын сақтау.

Университеттің әкімшілік-басқарушылық құрамы құқылы:

1) өз құзіреттілігі шегінде академиялық адалдық қагидаларын қамтамасыз ету бойынша құрылым жұмысын реттейтін және білім беру процесі қатысуышыларының бәрі үшін орындалуы міндettі ақтілер шығаруға;

2) оның құзіреттілігіне қатысты сұраптарды талқылау және шешу бойынша университеттің кез-келген құрылымдық бөлімшесінің жұмысына қатысуга;

3) университеттің және факультеттің алқалы органдары қарауына академиялық адалдық қағидаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге.

Университеттің әкімшілік-басқарушылық құрамы міндettі:

Академиялық адалдық Ережесін сақтау.

Ереже нормалары бұзылған жағдайда осы Ережеде көзделген шаралардың қолданылуы бойынша жұмыстарды үйлестіру.

Білім беру процесі қатысуышыларының академиялық адалдықты сақтауына бақылау және мониторинг жүргізу.

Университеттің барлық қызметкерлері мен білім алушыларына қатысты дұрыс ұстанымды сақтау.

ПОҚ -на біліктілікті арттыруға және даярлауға мүмкіндіктер ұсыну.

Академиялық адалдықты бұзушылық фактілерін анықтау барысында пайда болған даулы жағдайларды осы Ереже, университеттің корпоративтік этика Кодексіне, университеттің ішкі тәртіп Ережелеріне, сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес шешу.

Академиялық адалдық Ережесін бұзудың кез-келген мүмкіндіктеріне қарсы тұру және олардың созсіз сақталуын, соның ішінде университетпен бекітілген лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес қамтамасыз ету.

Академиялық адалдық қагидаларын бұзудың әр жағдайының қатан есебін жүргізу.

Университеттің корпоративтік этика Кодексі және ішкі тәртіп Ережелері нормаларын сақтау.

Университеттің оқу-қосалқы құрамы құқылы:

1) ағымдағы тапсырмалар және оларды сапалы орындау үшін қажет мерзімдер туралы нақты акпарат алуға.

Университеттің оқу-қосалқы құрамы міндettі:

Академиялық адалдық Ережесін сақтау;

Білім беру процесіне қатысуышыларды академиялық адалдық Ережелеріндегі өзгерістер мен ережені бұзушылық туралы уақытылы хабардар ету;

Ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау, сынақ кітапшасы, курстық жұмыстар тізбелері, есептерді корғау мен оқу процесінің өзге де құжаттары нәтижелерін номенклатуралық құжаттамамен рәсімдеуді қам тамасыз ету.

4. Бұзушылықтар түрлері

Осы Ережемен университет білім алушылары, оқытушылары мен қызыметкерлерінің академиялық адалдық ережелерін бұзуының келесі түрлері қарастырылған:

1) плағиат:

- басқа дереккөздердегі материалдарды авторды растамай немесе қайнар көзді қорсетпей идеялар мен сөздерді қасақана немесе абайсызда, толық немесе ішнара пайдалану;

Плағиат келесі нысандарда көрініс табуы мүмкін:

- дереккөздерді сәйкес тыныс белгілерді пайдаланбай (жақша) және / немесе дереккөзді қорсетпей дәйектеу;
- дереккөзді қорсетпей дереккөзді өзгертін айту;
- біреудің идеясын немесе дәлелдерін авторга сілтеме қорсетпей пайдалану;
- толық немесе ішнара өзге адаммен немесе өзге білім алушымен жазылған жазбаша жұмысты ұсыну;
- Интернеттен алғынған курстық/дипломдық жұмысты ұсыну;
- басқа курсқа арналған тапсырма ретінде орындалған курстық жұмысты ұсыну;

2) сөз байласу:

- бағаланатын кез-келген жұмысты басқа қатысушы үшін орындау;

3) алдау:

- бағаланатын жұмысты басқа білім алушыдан қөшіру;
- осыған дейін бағаланған жұмысты қайталау, қайта ұсыну, тапсыру;
- бағаланатын жұмысты орындаған жағдайда, уақытылы орындаған жағдайда жалған сылтаулар айту;
- топтық жұмыс қарастырылмаған бағаланатын жұмысты екі немесе одан көп білім алушылардын орындауы;
- басқа білім алушыларға саналы түрде көмек беру: оған өзінің бағаланатын жұмысынан қөшіріп алуға мүмкіндік беру, тұспалдап айту, алдау парагын, оқулыктарды және т.б. пайдалану;
- өзгенің бағаланатын жұмысын өзінің жұмысы ретінде ұсыну.

4) бағаланатын жұмыстағы мәліметтерді, бағаны бұрмалау:

- тапсырма жауаптары нәтижесін, бағаны бұрмалау;
- зерттеуді орындау барысында сұрау, сауалнамалар және өзге де әдістер нәтижесін және өлшемдерін бұрмалау (толықтырып жазу, қөшіру, түзету);
- жазбаша бақылау жұмыстары бағасын көтермелейу;
- өзге білім алушының бағаланатын жұмысын қасақана бұрмалау немесе құрту;

- ұжымдық жұмыс түрлеріне қатысадан тапсыра алмай қалған жағдайдағы жауапкершіліктен жалтару мақсатында және/немесе басқалардың көмегі арқылы лайықсыз баға алуға қасақана ұмтылу;

- қандай да бір артықшылықтар алу мақсатында дәлелді себепсіз бағалауды анықтайтын оқу құнінде келмеу;

5) бағаланатын жұмыстардың жауаптарын зансыз жолмен иемдену:

- бағаланатын жұмысты орындау барысында жауаптарын беру;

- өзге қатысуышылардың, педагог жұмыскердің немесе қызметкердің көмегімен жұмысты бағалау өткізілгенге дейін (жауаптары көрсетілген тест сұрақтары, емтихан билеттері мен тапсырмаларын жазбаша жұмыс үшін тапсырмалар) толық немесе ішнара мәліметтерді алу;

-өз жұмысы ретінде ұсыну үшін бағаланатын жұмысты сатып алу немесе алудың басқа да жолдары (курстық, жипломдық жұмыстар, мағистрлік диссертациялар және т.б)

-дайын бағаланатын жұмысты сату және/немесе сатып алуға көмектесудің өзге де жолдары;

6) ақпараттар мен құрылғыларды құқыққа қайшы қолдану:

- бағаланатын бақылау жұмыстарын орындау, тестілеу барысында электронды, цифрлық, қағаз жеткізгіштер, техникалық құрылғылардағы ақпараттарды пайдалану;

- бағаланатын жұмыстың кез-келген жауаптарын электронды почтадан, компьютерден, және т.б жүктеуді қоса алғанда түрлі жолдармен алу;

- педагог қызметкердің бағаланатын жұмысқа қатысы бар қағаз немесе электрондық жеткізгіштердегі мәліметтерін кабинеттен алып шығу және\немесе компьютерден көшіріп алу.

7) аудиториялық сабактар мен кенес берудің тұрақсыздығы.

Университет білім алу үшін қауіпсіз жағдайды қамтамасыз етуге міндеттенеді. Ереже талаптарын бұзы деп оқытушының, лаборанттың немесе тыютордың сабакқа немесе кенес беруғе қатыспауга бағытталған деп бағалаған әрекеті немесе мінез-құлқы танылады. Сабактан немесе кенес беруден тыс тәртіпті бұзы университеттің басқа Ережелерімен қаралады, бірақ кейбір жағдайларда осы Ереже талаптарының да әрекет етуі мүмкін.

5. Процедуралар

Академиялық адалдықты бұзы анықталуы мүмкін:

- 1) ағымдағы бағалауды жүзеге асыру кезінде;
- 2) қорытынды бағалауды жүзеге асыру кезінде;
- 3) ғылыми және әдістемелік жұмыстарды орындау кезінде;
- 4) лауазымдық міндеттерді орындау кезінде.

Плағиатты болдырмау үшін білім алушылардың жазбаша жұмыстарының барлық түрі (курстық, дипломдық, диссертациялық) жұмыстың түпнұсқалылығы деңгейін анықтауға тексеруден өтеді. Тексерудің тәртібі мен процедурасы университетпен анықталады.

Академиялық адалдыққа жат қылық анықталған жағдайда университет әкімшілігі материалдардың объективті қаралуына жауапты болып табылады және тәртіптік жауапкершіліктің келесі түрлерін қолдануға міндетті:

A. ПОК қызметі:

ПОК академиялық адалдыққа жат қылықты толыққанды анықтап, ЖОО үйлестірушісіне береді.

Оқиға бекітілген үлгіге сәйкес шағым нысанында жазылуы керек.

Болжамдалған бұзушылыққа қатысты барлық дәлелдер оны кафедра менгерушісі, факультет деканы немесе академиялық тұтастықты қамтамасыз етуге жауапты университет әкімшілігі мүшелері талап еткенге дейін оқытуышыда сақталуы тиіс.

Парақорлық, алдау, білім алушының бағаланатын жұмысын орындау барысында мәліметтерді бұрмалау, курстық, дипломдық жұмыстарды, магистрлік диссертацияларды сату анықталған жағдайда университет оқытушысы/қызметкери жұмыстан шығаруға дейінгі тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Тәртіптік жауапкершілікке шағым келтіру үшін *Академиялық адалдық мәселелері жөніндегі Комиссия* құрылуы мүмкін.

B. Білім алушылардың академиялық адалдыққа жат әрекеті жағдайларын дәлелдеу

Білім беру процесінің қатысушылары академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін моральдық және тәртіптік жауапкершілік жүктелетінін есте сақтауы керек.

Пафиат, курстық, дипломдық жұмыстарды, магистрлік диссертацияларды сатып алу және сату қарапайым ереже талаптарын бұзу шегінен шығу деп қарастырылады және қоғамдастыққа қатысты күрделі бұзушылық деп қабылданып, өзгенің материалдарын пайдаланғаны үшін жазалауға жатады.

Аталған академиялық адалдықты бұзушылық тізімі толық деп танылмайды және қажеттілік шегінде толықтырылуы мүмкін.

Академиялық адалдыққа жат қылық бірінші рет анықталған жағдайда білім алушының жұмысының күши жойылады, ПОК жұмыс бойынша ауызша немес жазбаша түсіндірме бере алады. Академиялық адалдыққа жат қылық екінші рет анықталған жағдайда, білім алушының жұмысы бағаланбайды. Академиялық адалдыққа жат қылық дерегін қарau нәтижесі бойынша білім алушыға бірқатар шаралар қолданылуы мүмкін.

Академиялық адалдыққа жат қылықтың келесі жағдайлары білім алушының жоғарғы оку орнынан шығарылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Тәртіптік жауаптылық түрлері:

1. **Сөгіс:** ережені бұзғаны үшін кінәлайтын жазбаша мәлімдеме. Академиялық адалдық ережесін бірінші рет бұзған жағдай үшін де ен женіл жауаптылық деп саналады.

2. **Тәртінтік ескерту:** бұзушылық орын алғаны және ережені қайта бұзы күрделі тәртінтік шараларды колдануға әкеп соқтыратыны туралы ауызша немесе жазбаша хабарлау;

3. **Сынақ мерзімі:** білім алушылар белгілі бір шарт бойынша оқитын, ал жоғарғы оқу орны қызметкерлері белгілі бір шарттар бойынша жұмыс жасайтын уақыт аралығы. Ереже талаптарының алдағы уақытта бұзылуы білім алушының окудан шығарылуына және қызметкердің жоғары оқу орнынан жұмыстан шығарылуына алып келеді;

4. **Оқудан ініғару:** білім алушыны жоғары оқу орны ережелерін бұзғаны үшін оның оқу орнында білім алуы тоқтатылғанын хабарлайтын жазбаша мәлімдеме.

5. **Жұмыстан шығару:** жоғары оқу орны ережелерін бұзғаны үшін қызметкермен енбек шартының тоқтатылғаны туралы хабарлайтын жазбаша мәлімдеме.

Бұл ереже талаптарын білмеу негізді деп танылмайды және жауапкершіліктен босатпайды.

6. Академиялық адалдық мәселелері жөніндегі комиссия

Академиялық адалдық мәселелері жөніндегі Комиссия (әрі қарай-Комиссия) білім беру процесіне қатысушылардың құқығын қорғауды қамтамасыз етуші тәуелсіз сарапшы орган ретінде құрылады және М.Әуезов атындағы ОҚМУ білім алушыларының оқу қызметінің, ПОҚ ның оку-әдістемелік және ғылыми қызметінің нәтижелерінің моральдық-этикалық бағасын беруді қамтамасыз етеді.

Комиссияның міндеті және қызметі

Негізгі міндеттері:

- М.Әуезов атындағы ОҚМУ білім алушылары арасында академиялық адалдыққа жат қылықты ескерту;
- Академиялық адалдыққа жат қылық дерегі орын алған жағдайда: көшіру, плагиат, сөз байласу және т.б. тәуелсіз сараптама жүргізу;
- жазбаша жұмыстың кез-келген түрін орындау барысында академиялық адалдық қағидалары мен этика нормаларының сақталуын бағалау;

Комиссияның негізгі қызметтері:

- білім алушылардың жазбаша жұмысын этикалық бағалауга қатысу және білім алушының жазбаша жұмысына Академиялық адалдық тұргысынан этикалық сараптама ұйымдастыру;
- оқу мерзімінде және аралық аттестация кезеңінде академиялық адалдыққа жат қылықпен және этика нормаларын бұзумен байланысты пайда болған даулы сұраптарды қарau;

- білім беру прөцесіне академиялық адалдық қагидаларын енгізу және білім алушының этика нормаларын бұзатын міnez-күлқын ескерту бойынша іс-шаралар өткізу;

- бұзушылық әрекеттері дерегі бойынша комиссия жұмысының нәтижесінде жиналыстар өткізу;

- қөғамды басқарудың өзге де органдарымен өзара байланыс орнату: студенттік ректорат, факультеттердің студенттік деканаттары.

Комиссия құрамы:

- әкімшілік, оқытушылар, студенттік өзін-өзі басқару кеңесі құрамынан құралады және ректордың бұйрығымен бекітіледі;

- Комиссия 3 жылға тағайындалатын, келесі мерзімге қайта тағайындалу мүмкіндігі бар төрағадан, төраға орынбасарынан, жауапты хатшыдан және мүшелерден (3 кем емес) тұрады.

Комиссия жұмысының тәртібі:

- Комиссия отырысы академиялық адалдыққа жат қылық және этика нормаларын бұзу деректері анықталған жағдайда өткізіледі.

- Комиссия білім алушылардың жазбаша жұмысына сараптамалық баға беруді жүзеге асырады және академиялық адалдыққа жат қылықпен байланысты жағдайларға (кошіру деректері, жұмыстың жеке тиесілілігі, бағаларды көтермелеге) талдау жасайды.

- Комиссия ұсынылған жазбаша жұмыстарға сараптама жасау және білім аушының теріс міnez-күлқына талдау нәтижесінде келесідей қорытынды шығара алады:

- өзге мәтінді иемденіп алуудың бірнеше жағдайы анықталса, жазбаша жұмыс үшін бағаны төмендету (авторлық құқықты көрсетегін сілтемелердің жоқтығы)

- плағиат, көшіріп алу, қайталап жазу орын алған жағдайда білім аушының/ магистранттың жазбаша жұмысының күшін жою;

- бакылау жұмысын қайта өткізуді ұсыну;

- бакылау жұмысын ақылы негізде жазғы семестр кезеңінде тапсыруды ұсыну;

- сөгіс жариялау;

- университеттен шығару.

Академиялық адалдық мәселелері жөніндегі Комиссияның құқықтары мен міндеттері:

Комиссия құқылы:

- түрлі салалар бойынша маман болып табылатын тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілерге көмек сұрап жүргінуге;

- өз құзіретіне жататын мәсселелер бойынша шешім қабылдауға және түсіндімелер, ұсыныстар, бұйрықтар беруге;

-университет білім алушыларының бұзушылық мінез-құлқы деректеріне қатысты өзінің қорытындылары мен негіздемелері туралы ректоратты, деканаттарды жазбаша нысанда хабардар етуге;

- Комиссия қызметін құжаттандыру, мәжіліс откізу тәртібін анықтау, мәжіліс хаттамаларын жүргізу, оның мүшелеріне өткізілетін мәжіліс туралы хабарлау, сондай-ақ мәжілісті өткізу.

Комиссия міндетті:

- осы ережеде қарастырылған қызметтерді сапалы және уақытылы орындау.

Осы ережеге өзгерістер мен толықтырулар ережені жаңа басылымда дайындау немесе өзгерістерді (толықтыруларды) ережеге қосымшалар түрінде рәсімдеу арқылы университет Ғылыми Кенесі шешімінің және ректор бүйрығының негізінде енгізіледі.

Осы ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін қолданылады.

**Академиялық адалдық ережесін бұзу туралы
АҚТ**

Пән:

Оқу қызметінің түрі:

Оқытушының АЖТ: Білім алушының/ магистранттың АЖТ:

Курс _____ тобы _____

Күні:

Аудитория:

Уақыты:

Бұзушылыққа сипаттама:

Емтиханга қатысуга құзіретті оқытушының немесе тұлғаның қолы:

_____ 201 ____ г.

Білім алушының қолы:

_____ 201 ____ г.

Актімен таныстым:

Факультет\ЖМ деканы:

_____ 201 ____ г.

Топ тәлімгері:

_____ 201 ____ г.

**Білім алушылардың компьютерлік тестілеу әдісі арқылы өткізілетін
және ауызша, жазбаша, аралас емтихандағы жүргіс-тұрыс
Ережесі**

1. Білім алушылар компьютерлік тестілеу әдісі арқылы өткізілетін және ауызша, жазбаша, аралас емтихандарға тек студенттік билет болғандаған жіберіледі.

2. Емтиханда ұялы телефондар, құлаққаптар, флешкалар және өзге де ақпарат алмасуши құралдар қолдануға тыйым салынады. Көрсетілген құралдар анықталған жағдайда оларды алу туралы акт толтырылады, білім алушы емтиханнан шығарылады. Бұл емтиханды кайта тапсыру жазғы семестр кезінде ақылы негізде жүзеге асырылады.

3. Алдау парагын (шпаргалка) қолдануға тыйым салынады. Алдау парагы (шпаргалка) анықталған жағдайда оны алу туралы акт толтырылады, білім алушы емтиханнан шығарылады. Бұл емтиханды кайта тапсыру жазғы семестр кезінде ақылы негізде жүзеге асырылады.

4. Эстетикалық көрінісі жоқ (жайылған шаш, қысқа шорты, майка, спорттық киім, сланцы, куртка, бейсболка, бас киім және т.б) білім алушылар емтиханға жіберілмейді.

5. Компьютерлік класка және емтихан өтетін аудиторияға спорттық үлғідегі сумкаларды, рюкзактарды, пакеттерді, қолемді сумкаларды, сырт киімді, кітап, жазба кітаптар, дәптерлер, анықтамалар, сөздіктер және т.б алып кіруге болмайды.

6. Емтиханда сағыз шайнауға, ішуге, жеуғе, сөйлесуге, айтып тұруға, орын ауыстыруға, қажеттілік жоқ жағдайда аудиторияда жүргүте, аудиториядан шығуға болмайды. Осы талаптар бұзылған жағдайда акт толтырылады, білім алушы емтиханнан шығарылады. Бұл емтиханды кайта тапсыру жазғы семестр кезінде ақылы негізде жүзеге асырылады.

7. Білім алушының этикаға жат жүргіс-тұрысы орын алса (сөзге келу, дәрекілік, ескертуге құлак аспау, жүргіс-тұрыс ережелері талаптарына бағынғысы келмеу және т.б) сәйкес акт толтыралады, ректордың атына әкімшілік жазалау шарасын қолдану туралы мәлімдеме беріледі.

8. Білім алушы келесі техникалық себептер бойынша емтиханның келесі күнінен кешіктірмей аппеляциялық шағым келтіре алады:

- дұрыс жауаптың болмауы;
- жауаптардың жоктығы;
- екі бірдей дұрыс жауаптың болуы;

- тапсырманың болмауы;
- тапсырманың оқылмауы.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ білім алушысының (студентінің) АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ

Мен, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемекеттік университетінің студенті, елдің жоғары дәрежелі және жоғары адамгершілікті мамандар дайындау бағытындағы университет миссиясын іске асыруда өзімнің жауапкершілігіндегі сезіне отырып; университет қауымдастырының корпоративтік мәдениетін қолдауды және дамытуды, білім беру жүйесінің алдыңғы қатарлы мекемесі және Қазақстанның кәсіби мамандарын дайындау оралығы ретінде ретінде М.Әуезов атындағы ОҚМУ имиджін сақтауды озімнің міндетім деп санай отырып, осы М.Әуезов атындағы ОҚМУ білім алушысының Академиалық адалдық кодексін қабылдаймын және оны сөзсіз сақтауға міндеттенемін.

1-бап. ҚР қолданыстағы заңнамасын, М.Әуезов атындағы ОҚМУ Жарғысын, ішкі тәртін ережелерін және университеттің өзге де нормативтік актілерін сактау.

2-бап. Университет қоғамдастырында жоғары академиялық мәдениетті, сенімді ахуалды және өзара құрметті қолдауға жағдай жасау. Пайда болған келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешуге ұмтылу, өзге білім алушыларға қатысты күш қолдануды болдырмау.

3-бап. Оқыту процесінде адалдыққа жат әрекетке, немікүрайлылыққа, әділетсіздікке жол бермеу қажет деп ұғынып, білім алуда және бақылаудың барлық нысандарында адалдық таныту.

4-бап. Оқытушылармен, қызметкерлермен, университет әкімшілігі өкілдерімен қарым-қатынаста сыпайылық таныту, оларға озімшілдік қатынас танытпау және дөрекілік пен теріс қылық көрсетпенеу.

5-бап. Университет абыройына немесе студенттік қоғамдастық беделіне зиян келтіретін іс-әрекеттен бас тарту.

6 бап. Тұрлі жаман әдептерден бас тарту.

7бап. Университет мүлкінің сакталуына қамор болу және қиратуға жол бермеу.

8 бап. Тартымды көрінуі, сырт келбеті этика нормаларына сәйкес келуі керек және оқу сабактарына кедергі келтірмеуі, білім алушылар мен оқытушының назарын оқу процесінен өзге жаққа аудармауы қажет.